



Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюро

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
САЙЛАУ ТУРАЛЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ
ЗАҢДЫ БАҒАЛАУ



Варшава
2004 жылғы 24 тамыз

МАЗМҰНЫ

I.	<u>КІРІСПЕ</u>	3
II.	<u>ЖАЛПЫ ШОЛУ</u>	5
III.	<u>САЙЛАУ ТУРАЛЫ ЗАҢДЫ ҚАРАСТЫРУ</u>	7
A.	<u>КАНДИДАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ</u>	7
1.	<u>4-бап. Кандидаттардың құқықтарын шектеу</u>	8
2.	<u>54-бап Кандидаттардың құқықтарын шектеу</u>	9
3.	<u>58-бап Тәуелсіз кандидаттардың құқықтарын шектеу</u>	9
4.	<u>Сөз бостандығын пайдалану үшін жаза ретінде кандидаттарды тіркеу туралы шешімнің күшін жою</u>	9
5.	<u>Қаржылық есеп-қисапта жіберілген қателіктер үшін жаза ретінде кандидаттарды тіркеу туралы шешімнің күшін жою</u>	10
6.	<u>97-1-бап Кандидаттардың құқықтарын шектеу. Сайлаушылардың ерік білдіруінің күшін жою</u>	10
7.	<u>Кандидатураларды алу үшін шекті мерзімнің болмауы</u>	11
B.	<u>САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫ</u>	12
C.	<u>САЙЛАУДЫ ЖҮРГІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ</u>	15
1.	<u>Сайлаушылардың тізімдері</u>	15
2.	<u>Сайлау алдындағы үгіттеу</u>	15
3.	<u>Өзін білдіру бостандығы</u>	17
4.	<u>Дауыс беру тәртібі</u>	17
5.	<u>Дауыс беру қорытындыларын айқындау</u>	21
D.	<u>ЖАРИЯЛЫЛЫҚ</u>	23

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЙЛАУ ТУРАЛЫ» КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫН БАҒАЛАУ

2004 жылғы 24 тамыз

I. КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңын (Сайлау туралы заң)¹ осы бағалауды² Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымның жанындағы демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі Бюросы (ЕҚЫҰ/ДИАҚБ) дайындады. Осы бағалау мәтіннің бейресми аудармасының негізінде дайындалды. Аударылған мәтіндердің негізінде жүргізілген құқықтық сараптаманың сапасы аударманың сапасына әсер етуі мүмкін.

2004 жылғы 16 наурызда Мәжіліс сол кезде қолданыстағы Сайлау туралы заңға түзетулер туралы Конституциялық заңды қабылдады. Конституциялық Кеңес 9 сәуірде осы түзетулерді мақұлдады, ал 15 сәуірде Президент Назарбаев Заңға қол қойды. Сайлау туралы заңға түзетулер ЕҚЫҰ/ДИАҚБ, Қазақстан Республикасының билік орындары мен азаматтық қоғамының арасындағы қызу және конструктивті сұхбаттың барысында дайындалды.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ осының алдында Қазақстанда сайлау жүргізуге қатысты заңдардың түрлі аспектілеріне өзінің ескертпелерін ұсынған еді, сондай-ақ жан-жақты және нақты ұсыныстамалар берді.³ Алдында берілген ұсыныстамалар

¹ Заң төмендегілерді реттейді: (1) Президентті, Мәжіліс депутаттарын (Қазақстан Республикасы Парламентінің төменгі палатасы), мәслихаттарды (жергілікті өзін-өзі басқару кеңестері), жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін тікелей сайлау, сондай-ақ (2) Сенат депутаттарын (Парламенттің жоғарғы палатасы) жанама сайлау.

² Осы бағалаудың сондай-ақ қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқалары бар. Алайда, ағылшын тіліндегі нұсқа осы шолуға арналған жалғыз ресми құжат болып табылады.

³ *Қараңыз:* «Қажеттіліктерге баға беру жөніндегі Миссияның қорытындылары мен ұсыныстамалары», Қазақстан (21.08. 1999 жыл); «Қазақстан Республикасындағы 1999ж. 10 және 24 қазандағы парламенттік сайлау туралы қорытынды есебі» (20.1.2000 жыл); «Қазақстан Республикасындағы сайлау ресімдеріне байланысты дауларды шешу механизмдерін реттейтін құқықтық базаға» (29.02.2000 жыл), «Қазақстан Республикасындағы парламенттік сайлауға байланысты заңнамаға шолу» (18.01.2001 жыл); «Қазақстан Республикасындағы сайлау ресімдеріне қатысты дауларға байланысты, сайлауға қатысты қарсы пікірлерлерге және айыппұл санкцияларына байланысты сайлау туралы заңнамаға шолу» (26.04.2001 жыл); «Қазақстан Республикасындағы БАҚ арқылы сайлауды жариялауды реттейтін заңнамалық базаға шолу» (15.09.2001 жыл); «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару басшыларын пилоттық сайлау туралы Президент Жарлығына шолу» (15.09.2001 жыл); «Қазақстан Республикасының 15 шілдеде қабылдаған саяси партиялар туралы Заңына шолу» (23.07.2002 жыл), «Салыстырмалы зерттеулер: сайлаушылар пікірін сұрастыру нәтижелерін жарыққа шығаруды шектейтін нормативтік-құқықтық актілер» (02.2003 жыл); «Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы заңның жобасына алдын-ала баға беру» (19.09.2003 жыл).

бұрынғысынша өзекті және тек Сайлау туралы заңға ескертпелер бар осы бағалауды толықтыру ретінде қарастыру керек. Бағалау қазақстандық мемлекеттік органдарға мәлімденген мақсатқа – ЕҚЫҰ алдындағы міндеттемелерге және басқа халықаралық стандарттарға сәйкес демократиялық сайлау үшін сенімді құқықтық база әзірлеуге қол жеткізуде ықпалын тигізуге арналған.

2000 жылдан бастап, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ және Қазақстан Республикасының билік орындары сайлауға мүдделі басқа тұлғалармен бірге Сайлау туралы заңды қалай жетілдіруге болатыны туралы өз көзқарастарын ортаға салды. 2000 жылдың қыркүйегінен 2002 жылдың қаңтарына дейін сайлау процесінің түрлі аспектілері бойынша төрт «дөңгелек үстел» өткізілді. Осы «дөңгелек үстелдердің» барысында әзірленген барлық ұсыныстамалар Орталық сайлау комиссиясы дайындаған кестеге енгізілді және Парламенттің қарастыруына табысталды. 2003 және 2004 жылдардың ішінде ЕҚЫҰ/ДИАҚБ сарапшылары және ОСК Сайлау туралы заңға өзгертулер мен толықтыруларды дайындау туралы қарқынды кеңестемелер жүргізді. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Заң бойынша ескертпелері мен ұсыныстамаларын, сондай-ақ өзгертулердің жобаларын ұсынды, оларды мемлекеттік органдардың, саяси партиялар мен азаматтық қоғамның өкілдері талқылады. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ қозғаған кейбір мәселелер шешілді, алайда, бірқатар маңызды мәселелер әлі де оң шешімін күтуде.

Мәжілісте Сайлау туралы заңды үшінші оқудың барысында бірқатар жаңа түзетулер, соның ішінде электрондық (яғни, қағаз тасымалдаушыларды пайдаланбай) дауыс беру және дауыстарды санау мүмкіндігі («электрондық дауыс беру») ұсынылды. Өкінішке орай, бұл осы маңызды мәселені кеңінен көпшілікпен талқылаусыз жасалды. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ да сондай-ақ электрондық дауыс беру туралы жаңа ережелер бойынша ескертпе жасауға мүмкіндік алған жоқ. Электрондық дауыс беруге қатысты нормалар дауыстарды қолдан санауды көздемейді және дауыс беру мен дауыстарды санау нәтижелерін даулаудың қандай да бір нақты рәсімдерін ұсынбайды. Демек, бұл санау және/немесе нәтижелерді жинақтау барысында дауыс беру деректеріне ықтимал өзгертулерге, тап солай электрондық дауыс беру жүйесін орнату және баптау барысында бағдарламалық қамсыздандырудағы, компьютердің өзіндегі ықтимал қателіктерге әкеліп соғуы мүмкін екені анық.

Бағалауда Адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық конвенцияның, сондай-ақ Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакттің (АСҚХП) бірнеше мәрте аталатынын айта кету керек. Алғашқы құжаттың, әрине, Қазақстан үшін міндетті күші жоқ, алайда, заң тұрғысынан жарамды халықаралық стандарттарға бағдар болып табылады. АСҚХП туралы айтатын болсақ, 2003 жылғы 17 қарашада Президент Назарбаев осы Халықаралық пактке қол қою туралы Жарлық шығарды. Алайда, Мәжіліс оны әлі бекіткен жоқ.

II. ЖАЛПЫ ШОЛУ

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ «дөңгелек үстелдер» өткізу барысында әзірленген және /немесе ЕҚЫҰ/ДИАҚБ алдындағы есептемелері мен бағаларының құрамындағы ұсыныстамалардың Сайлау туралы заңның түпкілікті нұсқасында ескерілгенін мойындайды. Алайда, сонымен бірге кейбір өзгертулер «ашықтық», анағұрлым алуан пікірлі сайлау комиссияларын құру, сондай-ақ кандидаттар үшін анағұрлым тең жағдайлар жасау тұрғысынан елеулі прогресс болып табылғанымен, ЕҚЫҰ алдындағы демократиялық сайлау туралы, әсіресе, бірқатар азаматтық және саяси құқықтарды шектеулерге қатысты міндеттемелерге сәйкес болу үшін Сайлау туралы заңға қосымша жетілдіру енгізу қажет болып отыр.

Сайлау процесінің жалпы «ашықтығын» күшейтетін және ЕҚЫҰ алдындағы демократиялық сайлау туралы міндеттемелерге сәйкес болатын Сайлау туралы заңға өзгертулерге төмендегілер кіреді:

- Алуан пікірлі сайлау комиссияларының құрамын айқындау үшін саяси кеңестемелерге арналған шеңбердің негізгі элементтерін көздейтін механизмді әзірлеу;
- Сайлау комиссияларының барлық мүшелері үшін сайлау процесіне басшылық етуге елеулі мүмкіндік беретін сайлау комиссарларының құқықтарын кеңейту;
- Сайлау комиссияларының жұмысына мемлекеттік органдардың тарапынан шамадан тыс килігуге тыйым салу;
- Сайлау учаскелерінде уәкілеттігі жоқ тұлғалардың болуына тыйым салу;
- Сайлау процесінің барлық сатыларына байқаушылардың сөзсіз қол жеткізу және олардың сайлау бойынша тиісті құжаттарды алу мүмкіндігі;
- Жұртшылықтың дауыс беру нәтижелерінің дұрыстығын тексеруі үшін сайлау учаскелерінде және аудандарда сайлау комиссияларында сайлау нәтижелері туралы хаттамаларды жариялау;
- Сайлау науқанының барысында қатысушылар үшін тең жағдайлар жасау бойынша шаралар;
- Сайлаушылардың тізімдерін жасау және дұрыстығын тексеру рәсімдері;
- Сайлау процесіне бөгет жасауы мүмкін тыйым салынған қызмет түрлерінің тізбесін кеңейту;
- Сайлаушылардың тізімдерін жасауға арналған заңнамалық шеңберді жетілдіру;
- Қолтаңбаларды тексеруге арналған заңнамалық шеңберді жетілдіру;
- Дауыс беру үшін ашық урналарды пайдалану;
- Партиялардан және/немесе кандидаттардан сенім жүктелген тұлғалар санына шектеуді алып тастау;
- Сайлау жарамсыз деп мойындалған жағдайда барлық кандидаттар үшін сайлау науқанын қайтадан жүргізу мүмкіндігі;
- Кандидатты әкімшілік құқық бұзушылықтардың негізінде сайлау науқанын жүргізу құқығынан айыру мүмкіндігін алып тастау;
- Ерте (алдын ала) дауыс берудің күшін жою мүмкіндігі;
- «Барлығына қарсы» дауыс беру нұсқасын жою.

Бұл орайда, саяси және азаматтық құқықтарға байланысты шешімін таппаған проблемаларды қарастыру керек. Сайлау туралы заң ЕҚЫҰ алдындағы демократиялық сайлау туралы міндеттемелерге төмендегідей салаларда қайшы келеді:

- Сайлану құқығын шектеу;
- Кандидаттардың сайлау науқанының уақытында саяси қызметке белсенді қатысу құқықтарын шектеу;
- Тұлғалар мен саяси партиялардың сайлау уақытында тәуелсіз кандидаттарды қолдау құқығын шектеу;
- Тұлғалардың Қазақстанның шектерінен тыс басып шығарылған сайлау науқаны туралы материалдар алуына тыйым салу;
- Қазақстанда тұрып жатқан шетелдік тұлғалар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың сайлау науқаны уақытында пікірін білдіру құқығына тыйым салу;
- Байқаушылардың сайлау туралы пікірін білдіру құқықтарын шектеу;
- Сайланған кандидаттың мандатының күшін мезгілінен бұрын жою мүмкіндігі;
- Сайлау үшін жауапты тұлғаларды мезгілінен бұрын қайта шақырып алу мүмкіндігі;
- Елеусіз бұзушылықтар үшін қолданыла алатын тіркеуден бас тарту, тіркеудің күшін жою және мандаттардың күшін мезгілінен бұрын жою секілді шектен тыс санкциялар;
- Сайлау комиссияларында алуан пікірлі өкілдікке жеткілікті кепілдіктердің болмауы;
- Рұқсатсыз пайдаланудан немесе жүйелік қателіктерден жеткілікті қорғалмаған электрондық дауыс беру жүйесін орнату;
- Орталық сайлау комиссиясының ұсынуы бойынша сайлау нәтижелерінің күшін жоюға немесе сайланған кандидатты тіркеуден бас тартуға мүмкіндік беретін бұлыңғыр ережелер;
- Сайлауға байланысты дауларды нақты, тиімді және жылдам шешу процесіне жеткілікті кепілдіктердің болмауы.

Заңға түзетулер арқылы сайлау процесіне оң әсер ету дәрежесі ең алдымен заңды іске асыру және оны тиімділік пен риясыздық тұрғысынан сақтау үшін жауапты мемлекеттік институттар мен лауазымды тұлғалардың сенім және саяси ерік деңгейімен айқындалатын болады.

Төменде баяндалған ұсыныстамалар осы уақытқа дейін шешімін таппаған проблемаларға байланысты берілген; олардың құрамында сондай-ақ Сайлау туралы заңды жетілдірудің ықтимал жолдары бар.

III. САЙЛАУ ТУРАЛЫ ЗАҢДЫ ҚАРАСТЫРУ

Осы Сайлау туралы заңның бағасы бес жалпы санатқа бөлінген:

- Кандидаттардың құқықтары,
- Сайлау комиссиялары,
- Сайлау ережелері,
- Жариялылық,
- Құқықтық қорғау.⁴

Бөлімдер заң баптарының нөмірлемесіне сәйкес берілмеген. Осындай тақырыптық тәсілдеме Сайлау туралы заңның ЕҚЫҰ алдындағы міндеттемелерге және басқа халықаралық демократиялық сайлау стандарттарына сәйкестігін бағалауды жеңілдетеді.

A. КАНДИДАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Жалпыға бірдей адам құқықтары принципі әр азаматтың кемсітпеушілік негізінде және негізсіз шектеуден ада төмендегілерге құқығы бар дейді:

(1) тікелей немесе еркін сайланған өкілдері арқылы өз елін басқаруға қатысу;

(2) жалпыға бірдей және тең сайлау құқығы жағдайында сайлаушылардың еркін азат білдіруді қамтамасыз ететін құпия дауыс беру арқылы жүргізілуге тиіс мезгілдік және жалған құжат жасалмайтын сайлауда дауыс беру және сайлану;

(3) өз елінде мемлекеттік қызметке тең қол жеткізу мүмкіндігіне ие болу.⁵

Сайлау туралы заң осы негізгі принципке ішінара жауап береді, себебі оның құрамында өзінің кандидатурасын мемлекеттік лауазымға ұсынып, өкілді үкіметке қатысу мүмкіндігіне ие болуға тиіс азаматтың алдынан «есік жабатын» бірқатар ережелер бар. Кандидаттардың құқықтарына осы шектеулер Сайлау туралы заңның құрамындағыдай тәртіпте қарастырылады.

⁴ «Кандидаттардың құқықтары» бөлімінде Сайлау туралы заңның өзінің кандидатурасын мемлекеттік қызметке ұсыну арқылы өкілді билік органдарына қатысуға ұмтылатын азаматтардың алдынан «есік ашатын және жабатын» ережелері талқыланады; «Сайлау комиссиялары» бөлімінде сайлау процесін басқару және жүргізу үшін жауап беретін сайлау комиссияларын реттейтін ережелер қарастырылады; «Сайлауды жүргізу ережелері» бөлімінде БАҚ, дауыс беруді, бюллетеньдерді санауды, нәтижелерді есептеуді және жеңімпаздарды жариялауды қоса, сайлау науқандарының барлық аспектілері қарастырылған; «Жариялылық» бөлімінде халықтың еркін ұстану және сайлау нәтижелерінің қолдан жасалмауын қамтамасыз ету мақсатында жұртшылықтың сайлау нәтижелерінің дұрыстығын тексеру үшін сайлау процесінің ашықтығын қамтамасыз етудің қолда бар механизмдері қарастырылады; «Құқықтық қорғау» бөлімінде азаматтардың, кандидаттардың және саяси партиялардың заңды құқықтары бұзылған жағдайда баламалы өтем алуын қамтамасыз етудің қолда бар механизмдері қарастырылады.

⁵ Мысалы., Халықаралық азаматтық және саяси құқықтарды қорғау туралы пактінің 25-бабын қараңыз.

Сайлау туралы заңның құрамында кандидаттардың құқықтарына шектеулер болғанымен, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ кандидатты тіркеу жарнасының сомасын төмендету және кандидатқа оның психикалық денсаулық ахуалы туралы медициналық куәлік табыстау талабынан бас тарту секілді белгілі бір оң өзгерістердің орын алғанын мойындайды. Сонымен қатар, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ұсыныстамасы бойынша 4 Бапқа түзетулер басқасымен қатар әкімшілік жаза жағдайында сайлану құқығын шектеген 4 Баптың (4) тармағындағы (1) және (2) тармақшаларын алып тастады. Осы түзету ЕҚЫҰ/ДИАҚБ 4 Бапқа қатысты қойған мәселені шешті және заңнамалық шеңберді жетілдіру жолындағы оң кадам болып табылады.

1. 4-бап. Кандидаттардың құқықтарын шектеу

Сайлау туралы заңның 4 Бабында Қазақстан Республикасының азаматтарының сайлау құқығы көзделген. 4 Баптың (4) тармағы «тіркеу сәтінде өтелмеген немесе алынбаған» соттылығы бар азаматқа пассивті сайлау құқығын беруден бас тартады. (4) тармаққа сәйкес пассивті сайлау құқығы қылмыстың сипатынан тәуелсіз кез келген соттылық жағдайында берілмейді. *Кез келген* қылмыс үшін сайлау құқығынан айыру 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 24 Тармағында мойындалатын мөлшерлестік принципін бұзатын мемлекеттік билікті күмәнді жүзеге асыру болып табылады.⁶

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ 4 Бапқа одан әрі өзгертулер енгізуге сайлану құқығын тек тұлғаның ауырлығы шындығында саяси құқықтардан айыруға мөлшерлес болатын қылмыс жасағаны үшін сотталған жағдайда белгілеуге **ұсыныстама береді**.⁷ Құқықтан айыру белгілі бір уақыт кезеңінің бойына әрекет етуге, ал саяси құқықтарын қалпына келтіру осындай уақыт кезеңі өткеннен кейін өздігінен жүруге тиіс. Кандидаттар үшін құқықтық бөгеттерді әрқашан мұқият тексеру керек, себебі олар сайлаушылардың құқықтарын шектейді және талаптарды қанағаттандыратын кандидаттарға кемсітушілік шектеудің нәтижесінде мемлекеттік қызметке сайлануға мүмкіндік бермеуі мүмкін.

⁶ Копенгаген құжатының 24 Тармағында былай делінеді: «Демократиялық қоғамда құқықтар мен бостандықтарды кез келген шектеу қолданылатын құқықтың міндеттерінің біріне байланысты болуға және осы құқықтың мақсатына қатаң мөлшерлес болуға тиіс». Еуропалық адам құқықтары бойынша соттың жақындағы шешімі («Хирсттың Біріккен Корольдікке қарсы ісі» (№ 2), № 74025/01 арыз (2004 жылғы 30 наурыз)) осы мәселенің көрінісін береді және қазақстандық билік орындары оны ескеруге тиіс. Хирсттың ісі бойынша Сот сайлау құқықтарына шектеусіз тыйым салу мөлшерлестік принципін бұзатынын және Адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық конвенцияның № 1 Хаттамасының 3 Бабына қайшы келетінін анықтады.

⁷ ЕҚЫҰ ДИАҚБ 4 Баптың анағұрлым тар аяда – «тек ауыр қылмыстар жасалған жағдайда» қолдануға ұсыныстама берген еді. «Қазақстан Республикасындағы парламенттік сайлауға қатысты сайлау туралы заңнамаға шолу» (18.01.2001 жыл), 4-бетті; «Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы заңның жобасын алдын ала бағалау» (18.09.2003 жыл), 5-бетті *қараңыз*. Сонымен қатар, Сайлау туралы заңда адам құқықтарының бірі – сайлау құқығынан айыру қажет болатындай сонша ауыр болып саналатын қылмыстар нақты тізілуге тиіс.

2. 54-бап Кандидаттардың құқықтарын шектеу

54 Баптың (2) Тармағы «кандидаттың мемлекеттік тілді еркін меңгеруін» талап етеді, оның деңгейін Орталық сайлау комиссиясы айқындайды. Осы ереженің құрамында кандидат оның деңгейі қалай айқындалатынын білу үшін және сайлаушылар мен байқаушылардың кандидатқа әділ, заң белгілеген объективті стандарттарға сәйкес көзқарас болуын бағалай алу үшін мемлекеттік меңгеру деңгейін айқындаудың әділ және объективті стандарттары болуға тиіс. **ЕҚЫҰ/ДИАҚБ** Сайлау туралы заңға тиісті өзгертулер енгізуге **ұсыныстама береді**.

3. 58-бап Тәуелсіз кандидаттардың құқықтарын шектеу

58 Бап президенттікке кандидаттарды сайлау кезінде науқан қорларын құруды реттейді. 58 Бап кандидаттардың науқандарының қорларын әр түрлі үш көзден қалыптастыруға рұқсат береді. Алайда, 2-тармақта аталған көз тек саяси партиялар ұсынған кандидаттар үшін ғана шектелген. Сондықтан аталмыш бап тәуелсіз кандидаттарды кемсітеді, **себебі** тәуелсіз кандидаттарға саяси партиялардан қаражат алуға **тыйым салады**. 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 7.5 тармағы «азаматтардың жеке түрде немесе саяси партиялардың немесе ұйымдардың өкілдері ретінде кемсітусіз саяси немесе мемлекеттік лауазымдар үшін күресу құқығын» көздейді. Одан әрі, саяси партия өзінің кандидатын ұсынбаған сайлауда саяси партияның тәуелсіз кандидатқа қаржылық қолдау көрсетуге құқығы болуға тиіс. Шағын саяси партияның президенттік сайлауда кандидатын ұсыну үшін жеткілікті мүмкіндіктері болмауы мүмкін. Алайда, оның кандидатқа қаржылық және өзгеше қолдау көрсетуге құқығы болуға тиіс. **ЕҚЫҰ/ДИАҚБ** тәуелсіз кандидаттардың саяси партиялардан қаржылық қолдау алу мүмкіндігі үшін шектеуші сипатқа ие «оны ұсынған» тұжырымдамасын қайта қарауға **ұсыныстама береді**. Алайда, осы Бапта саяси партиялардан жарналардың жалпы сомасы ол туралы сөз болып отырған тармақта аталған сомадан аса алмайтынын нақты көрсету керек.

4. Сөз бостандығын пайдалану үшін жаза ретінде кандидаттарды тіркеу туралы шешімнің күшін жою

50 Баптың (2) және (4) Тармақтары «кандидаттың немесе саяси партияның абыройы мен намысына кір келтіретін» сөз бостандығын пайдалану үшін жаза ретінде кандидаттарды тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға жол береді. Бұл ережелер жеке тұлғаның сөз және пікірін білдіру бостандығына құқығын бұзады және ЕҚЫҰ алдындағы міндеттемелерге, халықаралық стандарттарға және ішкі конституциялық принциптерге қайшы келеді.⁸ **ЕҚЫҰ/ДИАҚБ** заңнан осы ережелерді алып тастауға **ұсыныстама береді**.⁹

⁸ 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 9.1 Тармағын; 1991 жылғы ЕҚЫҰ Мәскеу құжатының 26 Тармағын; Адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық конвенцияның 10 Бабын; Қазақстан Конституциясының 20 Бабын қараңыз.

⁹ Осы іспеттес проблемалы ережелерді 59, 73, 89, 104 және 118 Баптардан алып тастау керек. Сондай-ақ «...мемлекеттің қауіпсіздігін бүлдіру...» деген сөйлемі бар 29 Баптың да проблемалы болып шығуы мүмкін.

5. Қаржылық есеп-қисапта жіберілген қателіктер үшін жаза ретінде кандидаттарды тіркеу туралы шешімнің күшін жою

Сайлау туралы Заңдағы бірнеше баптың құрамында қаржылық есеп-қисапта жол берілген қателіктер үшін жаза ретінде кандидаттарды тіркеудің күшін жоюға рұқсат ететін бірқатар ережелер бар. Ондай мысалдарды 34, 59, 73, 89, 104 және 118 баптарынан табуға болады. 34 Баптың (9) және (10) тармақтарына сәйкес қаражаттарды пайдалану туралы есептеме беруді (9) тармаққа сай 1 күнге кешіктіру (барлық басқа талаптар сақталған жағдайда) тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға әкеліп соға алады.

59, 73, 89, 104 және 118 Баптарға сәйкес кандидатты тіркеудің күшін жою туралы шешім «егер осындай кандидат немесе оның зайыбы (жұбайы) мағлұмдаған табыстар мен меншікке қатысты ақпараттың ... шындыққа жанаспайтыны анықталса», шығарыла алады. Бұл тұжырымдама шұбыраңқы, теріс пайдалануға оңай көнеді және саяси уәжделген шешімдерге әкеліп соға алады. Мысалы, кандидаттың немесе оның зайыбының (жұбайының) меншігінің құндылығы субъективті түрде айқындалады. Әлдекім нақты меншік объектісінің «А» құны бар деп негізді санай алады, сонымен бір мезгілде басқа тұлға тап солай негізді түрде ол объектінің «Б» құны бар деп негізді санай алады. бұл ережені теріс пайдалануға болады, сондықтан ол заңнан алынып тасталуға тиіс. Осындай бұзушылық үшін жаза мөлшерлестік принципіне сәйкес ақшалай айып¹⁰ салуды көздеуге тиіс болса да, оған кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жою кірмеуге тиіс.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ осы тіркеудің күшін жою туралы ережелерді заңнан алып тастауға ұсыныстама береді.¹¹

6. 97-1-бап Кандидаттардың құқықтарын шектеу. Сайлаушылардың ерік білдіруінің күшін жою

97-1 Баптың (5) тармағында «саяси партия қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайда осы партияның тізімі бойынша сайланған Мәжіліс депутаттары өздерінің өкілеттіктерін тоқтатады» деп көзделген (sic). Аталмыш ереже партия мүшесінің саяси партияны таратуда әлдебір рөл атқаруынан және оның ол үшін қандай да бір жауапкершілік көтеруінен тәуелсіз, ал екінші жағдайда – мүшелікті тоқтатудың саяси партияға мүшелік шығу туралы арыз бойынша ерікті түрде немесе партиядан шығарудың нәтижесінде болғанынан тәуелсіз белгіленген.

97-1 Баптың (5) тармағы 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 7.9 тармағындағы төмендегі міндеттемеге қайшы келеді: «заңмен айқындалған

¹⁰ Күшін жою бойынша қатал шаралар қолданудың орнына төмендегілерді қоса, бірнеше факторларды есепке ала отырып, айқындалатын ақшалай айып салуға рұқсат беру керек: (а) қаржылық бұзушылықтың мөлшері, (б) бұзушылықтар саны – бір немесе бірнеше, (в) бұзушылықты жасырып қалуға талпыныстар болды ма, ал болса, қандай дәрежеде, (г) бұзушының бұзушылық анықталғаннан кейінгі көзқарасы және жүріс-тұрысы, (д) бұзушылыққа мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың немесе құралдардың тартылуы, (е) болашақтағы еркін, адал, демократиялық және ашық сайлауға келетін әлуеттегі зиян.

¹¹ Күшін жоюдың шекті мерзімі («дауыс беру күнінен 2 тәулік бұрын») мен күшін жоюды сотта даулау құқығын енгізу осы ережелерден туындайтын проблеманың түйінін шешпейді.

қажетті дауыстар санын алған кандидаттар тиісті түрде лауазымды басып, орнында өз өкілеттіктерінің мерзімі аяқталғанға дейін немесе оларды демократиялық парламенттік және конституциялық рәсімдерге сәйкес заңмен реттелетін өзге бір түрде тоқтатқанға дейін қала алады». 97-1 Бап заң ережесі болып табылғанымен, заңның осы ережесі демократиялық парламенттік және конституциялық рәсімдерге сәйкес келмейді.¹²

97-1 Баптың (5) тармағы сондай-ақ «саяси партиялар бұл туралы жазбаша арызбен және саяси партияның жоғарғы органының отырысының хаттамасынан үзінді көшірмемен Орталық сайлау комиссиясына жолданып, кандидаттардың партия тізімдеріндегі кезектілігін өзгертуге құқылы» деп көздейді. Аталмыш ереже саяси партияның тізімдеріндегі кандидаттардың кезектілігін сайлаудан кейін өзгертуге рұқсат береді. Аталмыш ереже 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 7.9 тармағының құрамындағы міндеттемеге, ішкі конституциялық принциптерге, сондай-ақ халықаралық стандарттарға қайшы келеді.¹³ Тізімдердің кезектілігіндегі сайлаудан кейінгі өзгертулер сайлаушыларды адастырады және сайлаушылар сайлау күні жасаған кандидатты таңдауды өзгертеді.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Сайлау туралы заңға өзгертулер енгізуге және сайланған кандидаттардың мандаттарға меншік құқығын бекітуге ұсыныстама береді. Соның ішінде, сайланған кандидат саяси партияға мүшелігін өзгертудің, партияны таратудың немесе саяси партия сайлаудан кейін қабылдаған шешімнің нәтижесінде дауыстар санына сәйкес орындарды үлестіру үшін қолданылатын (сайлау жүйесі) нақты тұжырымдамадан тәуелсіз мандатын тапсыруға міндетті болмауға тиіс.

7. Кандидатураларды алу үшін шекті мерзімнің болмауы

Кандидатураларды алуды реттейтін ережелер (60, 74, 90 және 119 Баптардың) кандидатураларды алу үшін шекті мерзімді көздемейді. Осының алдындағы сайлау шеңбері сайлауға дейін кандидатураны алу үшін едәуір қысқа шекті мерзімді көздегенімен, заңға түзетулер осы шекті мерзімді алып тастады. Осындай шекті мерзімнің жоқтығы проблема болып табылады, өйткені кандидатураларды кеш алу сайлаушыларды абыржытады, сайлауды басқаруды қиындатады және дауыстарды санау мен оларды кестелерге жинақтауды айтарлықтай нашарлатуы мүмкін. Тиісті түрде жүретін сайлау процесі және сайлаушылардың арасында шатасудың алдын алу қажеттілігі кандидатураларды алу үшін шекті мерзімді талап етуге жеткілікті негіз болып табылады. **ЕҚЫҰ/ДИАҚБ** в Сайлау туралы заңға өзгертулер енгізуге және кандидатураларды алу үшін осындай ақылға қонымды шекті мерзімді айқындауға ұсыныстама береді.

¹² Төмендегілерді қараңыз: Қазақстан Конституциясының 47 және 52 Баптары; «Садақ және басқалары Түркияға қарсы» ісі, №№ 25144/94, 26149/95, 26154/95, 27100/95 және 27101/95 арыздар, Еуропалық адам құқықтары бойынша сот (2002 жылғы 11 шілде) (саяси партияны таратудың нәтижесінде мандатты сайлаудан кейін алып қою кандидат болу және парламенттік лауазымда болу құқығының мәніне сай келмейді, сондай-ақ электораттың еркін және жалпыға бірдей сайлау құқығын жүзеге асыруға бостандығын шектейді).

¹³ Сонда.

В. САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫ

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ сайлау комиссияларының құрамына әр түрлі партиялардың өкілдері кіруге тиісті болуы, сайлау комиссияларының мемлекеттік органдардың бақылауында болуына және олардың қызметінде дербестік жоқ екеніне өзінің мазасыздығын білдірген болатын. Саяси кеңестемелер жүйесін құруға негіз жасайтын механизмді енгізуге қарамастан, Сайлау туралы заңға түзетулер ЕҚЫҰ/ДИАҚБ бұрын сайлау комиссияларын қалыптастыру бойынша ұсыныстармен толық шамада тоқайласпайды.

10 Бапқа түзету аймақтық, аудандық және учаскелік сайлау комиссияларын «тиісті мәслихаттар саяси партиялармен кеңескеннен кейін қалыптастырады» деп көздейді. Ұсынылған өзгертулер саяси партиялардың барлық үш деңгейдегі сайлау комиссияларына өздерінің өкілдерін жолдауға барған сайын өсіп келе жатқан мүмкіндігімен қатар, мәслихаттардың аймақтық, аудандық және учаскелік сайлау комиссияларын қалыптастырудағы рөлінің күшеюін болжауға мүмкіндік береді. Бұл сайлау процесіне қоғамдық сенімнің артуында неғұрлым айқын рөл атқаратын учаскелік сайлау комиссияларына қатысты өте маңызды.

Сайлау комиссияларын қалыптастыру кезінде саяси партияларға мәслихаттардың «жұмыс топтарымен» кеңестемелер жүргізу арқылы дауыс беру құқығын табыстау туралы шешім жақсы жетістік болып табылады. Солай болғанымен де, кеңестемелердің құрылымы тартуды және осы кеңестемелердің уақытында енгізілген ұсыныстарға тиісінше назар салуды қамтамасыз ете отырып, егжей-тегжейлі әзірленуге тиіс. Заңның қазіргі редакциясында мәслихаттардың жұмыс топтарының ұсыныстамаларын назарға алуға және комиссиялардың құрамына саяси партиялардың өкілдерін нақты енгізуге міндетті деп айтылмайды. Заң сондай-ақ саяси партиялардың саны өкілдер санынан асқан жағдайда ешбір рәсімдерді айқындамайды. Демек, Заңның осы ережелерінің комиссияларда әр түрлі партиялардың өкілдерінің қатысуына әкеліп соға ма, соқпай ма, ол түсініксіз.

Түрлі саяси партиялармен «кеңесу» міндеттемесі көп партиялы немесе алуан пікірлі сайлау комиссияларын құру міндеттемесін білдірмейді.¹⁴ **ЕҚЫҰ/ДИАҚБ** сайлау комиссияларының мақсатын реттейтін Баптардың мазмұнын ашуға **ұсыныстама береді**. Заңға сайлау комиссияларының құрамына саяси партиялардың өкілдерін енгізуді кеңейтетін және кепілдік беретін елеулі өзгертулер енгізілуге тиіс.

10 және 19 баптарда сайлау комиссияларының мүшелерін өкілеттіктерінен айыру үшін негіздерді шектеу арқылы олардың тәуелсіздігін қамтамасыз етуге талпыныс жасалады. Бұл жақсы жетістік болып табылғанымен, 19 Баптың (7) тармағында қолданылатын тұжырымдама анық емес және теріс пайдалануға оңай ұшырайды, өйткені ол «кәсіптік міндеттемелерді тиіссіз орындаудың» негізінде өкілеттіктерден айыруға рұқсат береді. Аталмыш тұжырымдаманы дамыту керек және заң сайлау комиссияларының мүшелерін олардың қызметін

¹⁴ Оның үстіне комиссияларды түзетін мемлекеттік орган, әркез аумақтық, аудандық және учаскелік сайлау комиссияларын бақылай алады, өйткені 10 Бап комиссияларды түзетін мемлекеттік органның комиссияның кез келген мүшесін «алмастыруға» жол береді.

заңсыз тоқтатудан қорғай отырып, әрі қарай алға басуға тиіс. **ЕҚЫҰ/ДИАҚБ** 19 Баптың (7) тармағының тұжырымдамасын қайта қарауға және олардың қызметін тоқтатуға негіз тек заң бұзушылық болып табылады деп айқындауға **ұсыныстама береді. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ сондай-ақ** 10 бапқа қосымша өзгертулер енгізуге және төмендегілерді қайта қарауға **ұсыныстама береді:**

(1) оның өкілеттіктерін тоқтатуға негіздерді көрсете отырып, сайлау комиссиясының мүшесін жазбаша хабарландыру, барлық негіздер заңда айқын жазылған болуға тиіс,

(2) өкілеттіктерді тоқтату туралы шығарылған шешімді тиісті сот органында даулауға мүмкіндік,

(3) өкілеттіктерді тоқтату туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде тек дауыстардың көпшілігінің болуынан өзге дауыс беру тәртібі,

(4) өкілеттіктерді тоқтату туралы шешімді даулаған кезде сотқа жүгіну құқығы.

Сондай-ақ заңның мәтінінен сайлау комиссиясының «өкілеттіктерін тоқтатуға» мүмкіндік беретін шарттарды шығарып тастауға **ұсыныстама беріледі**. Сайлау комиссиясының мүшелері толық құрамда міндеттерінен босатыла немесе алмастырыла алатын болғандықтан, бұл заңды ереже болып табылмайды. Аталмыш ереже сайлау комиссиясының шешімін кейіннен «өкілеттіктерді тоқтату» және осы «тоқтатуды» комиссияның шешімін жарамсыз деп мойындау үшін пайдалану арқылы жарамсыз деп мойындау үшін қолданылуы мүмкін деген секем туындайды.

10 Баптың «сайлау комиссиялары өздерінің өкілеттіктерін жүзеге асырған кезде олардың қызметіне килігуге жол берілмейді» деп ескерілген (6) тармағындағы айтарлықтай өзгертулерге қарамастан, сайлау комиссияларын түзуші органдардың өзгертілген 10 Баптың «комиссияның құрамына өзгертулер енгізу» немесе «комиссияның қызметін тоқтату» туралы ережесінің негізінде оларды килігусіз тиімді бақылай алатыны мазасыздық туғызады.

19 Бапқа толықтыру сайлау комиссияларының мүшелерінің құқықтарын айтарлықтай кеңейтеді, енді олар сайлау рәсімін ұйымдастыруға қатысуға көбірек мүмкіндіктерге ие болды. Бұл позитив мезет болып табылады. Алайда, 19 Баптың (5) тармағының (9) тармақшасының тұжырымдамасы проблема туындатады. Бұл тұжырымдама саяси партияның немесе қоғамдық бірлестіктің өкілі болып табылатын сайлау комиссиясының мүшесінің «олардың мүдделерін лоббилендіруге құқығы жоқ» деп көздейді. Біріншіден, бұл тұжырымдама комиссия мүшесінің сөз бостандығына құқығын шектейді. Екіншіден, ол комиссия мүшесінің комиссияның жұмысына белсенді қатысуға құқығын шектейді, себебі белсенді қатысу комиссияның алдында сұрақтар қою және талқылау құқығын көздеуге тиіс. Үшіншіден, «лоббилендіру» терминін қолдану қиын, себебі сөз «насихатқа» немесе «лоббилендіруге» айналатын шекті айқындауға объективті өлшемдер жоқ. **ЕҚЫҰ/ДИАҚБ** заңнан «олардың мүдделерін лоббилендіруге құқығы жоқ» деген сөйлемді алып тастауға **ұсыныстама береді**. 19 Баптың (5) тармағының (9) тармақшасының қалған мәтіні дұрыс.

19 Бапқа толықтыру сондай-ақ тұлға оның сайлау комиссиясының мүшесінің міндеттерін атқару қабілетіне ықпал ететін мән-жайлар орын алған немесе мүдделер қақтығысы орын алған кезде сайлау комиссиясының мүшесінің міндеттерін атқаруын жалғастыра алмайтын жағдаятты ашады. Бұл позитивті толықтыру болып табылады.

20 Баптың (6) тармағына енгізілген өзгертулер заңның алдындағы редакциясымен салыстырғанда сайлау комиссиясының шешіміне шағымдану тәртібінің суреттемесін айтарлықтай кеңітті. Жақсартылғанына қарамастан, 20 Бап одан әрі пысықтауды қажет етеді.

Әдетте, даудың сайлауға қатысты екенін ескерсек, шешімге шағымдану үшін он күндік мерзім тым ұзақ. Сайлау мәселелері бойынша шағымдар жылдамдатылған тәртіпте берілуге және қарастырылуға тиіс. **ЕҚЫҰ/ДИАҚБ** айрықша мән-жайлар орын алмаса, 20 Бапта айқындалған мерзім 5 күннен астам құрамауға тиіс деген **ұсыныстама береді**. Сондай-ақ 20 Бапта төмендегілерге құқығы бар тұлғаларды тізуге *ұсыныстама беріледі*:

- (1) сайлау комиссиясының шешімін даулау,
- (2) дау туралы хабарландыру алу,
- (3) шағым бойынша қарсылық білдіру,
- (4) шағымды немесе шағымға қарсылықты қолдап дәлелдер табыстау.

Шешімдер қабылдау процесінде келістіктің және дәйектіліктің маңыздылығына орай, **ЕҚЫҰ/ДИАҚБ** заңмен сайлау комиссияларының шешімдеріне шағым беріле алатын бір сот органын немесе жоғары тұрған сайлау комиссиясын айқындауға **ұсыныстама береді**. Түрлі органдарға жүгіну мүмкіндігі тек «ыңғайлы сотты» іздестіруге және қарама-қайшы шешімдерге әкеліп соғады. Оның үстіне «ыңғайлы сотты» іздестіру «сот шешімдері тиісті сайлау комиссиялары үшін орындауға міндетті» деген сөйлемнен тікелей дерлік туындайды. Бұл сөйлем соттың шешімдері *барлық* сайлау комиссиялары үшін орындауға міндетті деп көздейді. Бұл жағдайда Орталық сайлау комиссиясын қоса, жоғары тұрған сайлау комиссияларын орап өтіп, сайлау комиссиясының орнына сотқа жүгінуге болады. Осы ұсыныстың айқындамағандығы 20 Бапқа қатысты басқа елеулі проблемаларды – «сот» деңгейінің (яғни, жергілікті сот, апелляциялық сот немесе Жоғарғы Сот) айқындамағандығын, сондай-ақ «тиісті сайлау комиссиялары» және «жоғары тұрған сайлау комиссиялары» деп қандай комиссиялар айтылатынын айқындамағандығын басып көрсетеді. **ЕҚЫҰ/ДИАҚБ** 20 Бапқа өзгертулер енгізуге және шағымдану тәртібін анағұрлым айқын және түсінікті түрде баяндап, сайлау комиссияларының рөлі мен деңгейін және соттың әр деңгейін нақты айқындауға **ұсыныстама береді**. «Ыңғайлы сотты» іздестіруді болдырмау үшін барлығы үшін біртұтас шағымдану тәртібін белгілеу маңызды болып табылады. Сонымен қатар, қандай органдардың бірінші инстанция ретінде көрінетінін, ал қандай органдар апелляциялық болып табылатынын да сондай-ақ көрсету керек.

С. САЙЛАУДЫ ЖҮРГІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Сайлаушылардың тізімдері

24 баптан 26 бапқа дейін бірқатар оң өзгертулер енгізілді. Ол өзгертулерге сайлаушылардың тізімдерін жариялау талабы, тізімдерді берудің жаңа мерзімдері және сайлау комиссияларында, сондай-ақ соттарда сайлаушылардың тізімдеріне нақтыландыру енгізу туралы арыздарды қарастыру үшін жылдамдатылған мерзімдер кіреді.

Осы баптарда бірнеше оң өзгертулер болғанымен, 23, 24 және 25 баптардағы әскери қызметшілер үшін сайлаушылардың тізімдері туралы ережелер жақсартуды талап етеді. Бұл баптар әскери бөлімдерде сайлаушылардың тізімдерін жасауды және дауыс беру жүргізуді көздейді. Әскери бөлімдердің бастықтарының өз бөлімшелеріне ықтималды әсер ету себебінен әскери қызметшілерге, әсіресе шақырылушыларға жеткілікті демалыс беру және оларға тұрғылықты жері бойынша сайлау учаскесіне немесе жақын жердегі сайлау учаскесіне барып қайтуға рұқсат ету керек. Әскери бөлімдерде дауыс беруге тек егер әскери бөлім азаматтық сайлау учаскесінен тым алыста (мысалы, әскери-теңіз бөлімдерінде немесе кемелерде) орналасқан болса, жол берілуге тиіс. **ЕҚЫҰ/ДИАҚБ** осы баптарды тиісті түрде өзгертуге **ұсыныстама береді**.

2. Сайлау алдындағы үгіттеу

27 баптан 32 бапқа дейін сайлау процесіне мемлекеттік килігу проблемасына қатысты және ішінара бұқаралық ақпарат құралдарының қатысу және сайлау барысына шолу жасауына қатысты біраз өзгертулер енгізілді. Мысалы, 28 Бап барлық кандидаттарға БАҚ пайдалануға тең жағдайларға кепілдік береді. Олар позитивті өзгертулер болып табылады. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ оның алдындағы кейбір өзгертілген заңға енгізілгенін мойындайды. Алайда, ол баптар ЕҚЫҰ міндеттемелеріне толық сәйкес болу үшін тиісті түрде өзгертілуге тиіс.

28 Баптың (5) тармағы Қазақстан Республикасының шектерінен тыс басып шығарылған үгіттік баспасөз материалдарын пайдалануға тыйым салады. Аталмыш ереже ол бойынша азаматтың мемлекеттердің арасындағы шекараларға қарамастан, ақпарат алуға және табыстауға құқығы бар принципті бұзады.¹⁵ ЕҚЫҰ қатысушы елдері азаматтардың «мемлекеттік органдардың оған кедергі келтіруінсіз және мемлекеттердің арасындағы шекараларға қарамастан, шетел баспасөзіндегі жарияланымдар мен шетелдік радиохабарларды қоса, ақпарат және идеялар қабылдауға» құқығы барын мойындайды.¹⁶ ЕҚЫҰ қатысушы елдері өздеріне «кез келген демократиялық, азат және ашық қоғамның аса маңызды құрамдас бөлігі ретінде бағаланатын азат және тәуелсіз БАҚ үшін және мемлекеттердің ішінде және арасында кедергісіз ақпарат ағыны үшін негізгі жағдайларды қамтамасыз ету барлық

¹⁵ *Төмендегілерді қараңыз.* Жалпыға бірдей адам құқықтары мағлұмдамасының 19 Бабы; Адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық конвенцияның 10 Бабы; Қазақстан Конституциясының 20 бабы.

¹⁶ 1991 жылғы ЕҚЫҰ Мәскеу құжатының 26.1 тармағы.

қажетті қадамдарды жасауға» міндеттеме қабылдады.¹⁷ **ЕҚЫҰ/ДИАҚБ** заңнан 28 Баптың (5) тармағын алып тастауға **ұсыныстама береді**.

28 Баптың электрондық БАҚ-на кепілді қол жеткізу туралы ережелерін жақсату керек. Осы кепілді қол жеткізуді арыз беру тәртібіне сәйкес қол жеткізу кезектілігімен радио арқылы бір жолдау мен теледидар арқылы бір жолдауға дейін шектеу әрбір кандидаттың сайлаушыларға оны жетерліктей көп көрермендер мен тыңдаушылар ести алатын уақытта жолдануға мүмкіндігі болатынына кепілдік бермейді. Сонымен, аталмыш ереже барлық кандидаттарда сайлаушыларға жолдануға әділ мүмкіндік болатынына кепілдік бермейді. **ЕҚЫҰ/ДИАҚБ** 28 Бапты төмендегідей түрде өзгертуге **ұсыныстама береді**:

(1) Барлық кандидаттарға шамамен бірдей сайлаушылар санына жолдануға мүмкіндік беретін күндерде және сағаттарда электрондық БАҚ-на қол жеткізуге кепілдік беру,

(2) Барлық кандидаттарда электрондық БАҚ-на қол жеткізу уақыты бойынша тең жағдайлар болу үшін жолдау бағдарламаларының науқан барысында тым ерте немесе сайлау күніне тым жақын басталмауын қамтамасыз ету.

27 және 28 Баптар ақылы саяси жарнама сатып алуға жол бермейді. Солай болғанымен де, заңда осы бой көрсетулерді ақылы саяси жарнама ретінде қарастыру туралы талап жоқ. Сайлау туралы заңға осы талапты енгізу туралы шешім қабылданса, оң болар еді, өйткені заң осы мәселелер бойынша белгілі бір талаптарды көздейді. Соның ішінде 28 Баптың құрамында келісімшарттық бағаламаларды жариялау туралы талап бар. **ЕҚЫҰ/ДИАҚБ** осындай жарнаманы ақылы саяси жарнама ретінде нақты айқындау және жарнаманың демеушісін айқындау мақсатында 28 Бапқа өзгертулер енгізуге **ұсыныстама береді**.

28 Баптың (3) тармағында мемлекеттің барлық кандидаттарға теледидарда, радио немесе баспасөз басылымдарында сайлау алдындағы үгітті жүргізу үшін тура және тең қол жеткізуге кепілігі көзделетініне қарамастан, ол тармақта уәкілетті орган және аталмыш кепілдіктерді орындау тәсілі көрсетілмеген. Сайлау жүргізу кезеңінде аталмыш кепілдіктерді іске асыру бойынша неғұрлым жарамды орган Орталық сайлау комиссиясы болып табыла алады. **ЕҚЫҰ/ДИАҚБ** Орталық сайлау комиссиясы сайлау кезеңінде БАҚ пайдалану бойынша заңмен көзделген міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етуге құқылы деп белгілеп, Сайлау туралы заңның 12 Бабын өзгертуге **ұсыныстама береді**.

Сайлау алдында қоғамдық пікірге сауалдамаларды жариялауға қатысты 28 Баптың (9) тармағынан «Салыстырмалы зерттеулер: қоғамдық пікірге сауалдамаларды жариялауға тыйым салатын заңдар мен қаулылардың»

¹⁷ 1999 жылғы ЕҚЫҰ Стамбул құжатының 26 тармағы.

құрамындағы ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ұсыныстамалары көрініс тапты. Бұл заңның оң аспектісі болып табылады.

32 Баптың (2) тармағы алдында сайлау комиссияларының үй-жайлары мен дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс, сайлау күніндегі бұрынғы орындарында ілінген баспалық үгіттік материалдарды сақтап қалуға жол беріледі. Ол материалдардың аталған орындарда қай уақытта ілінгенінен тәуелсіз осы материалдар ешбір жағдайда сайлау күні сайлау комиссияларының үй-жайларында немесе олардың жанында қала алмайды. **ЕҚЫҰ/ДИАҚБ** материалдарды сайлау күні сайлау комиссияларының үй-жайларында үй-жайлардан белгілі бір қашықтықта, мысалы 50 (елу) метр орналастыруға тыйым салып, (2) тармақты өзгертуге **ұсыныстама береді**. Сондай-ақ сайлау материалдарын сайлау учаскесінен 50 (елу) метр қашықтықта көрсетуге тыйым салуды енгізіп, 28 Баптың (6) тармағын өзгертуге **ұсыныстама беріледі**.

3. Өзін білдіру бостандығы

33 Баптың (4) тармағына өзгерту енгізу және Қазақстанда тұрып жатқан шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар үшін сайлау науқаны уақытында өзінің пікірін еркін білдіру құқығын беру керек.¹⁸

4. Дауыс беру тәртібі

Занда кейбір сайлау учаскелерінде электрондық дауыс беру жүйесін құратын бірнеше өзгертулер бар. Электрондық дауыс беру идеясының өзі барған сайын жарамды болып келе жатқанымен, бұл өзгертулер электрондық дауыс беру контекстінде дауыстарды қолдан санаудың қандай да бір механизмін немесе санау қорытындылары мен нәтижелерін даулауға қандай да бір елеулі мүмкіндікті көздемейтін жүйені енгізеді. Сонымен, санау және/немесе деректердің мәліметтерін кестелерге жинақтау уақытында нәтижелердің ықтимал өзгерістерін, тап солай компьютерлік жабдықтың, бағдарламалық қамтамасыздандырудың, электрондық дауыс беру жүйесін орнатудағы және реттеудегі әлуәтті қателіктерді байқамай қалуға болады.

Жаңа 50-1 Бап «сайлаушылардың тізімдерін жасау, дауыс беруді өткізу және оның нәтижелерін айқындау» үшін «электрондық-ақпараттық жүйені» пайдалануға рұқсат етеді. Заңның тоғыз жаңа баптары дауыс беруді өткізуге және оның нәтижелерін айқындауға қатысты электрондық-ақпараттық жүйені реттейді. Осы жаңа баптар бірнеше себептерден мазасыздық туғызады.

Жаңа баптардың құрамында электрондық дауыс беру жүйесінің әр сайлаушы үшін толық түсінікті және электрондық дауыс беру саласынан арнайы білімдерді талап етпейтін дауыстарды қолдан санау мүмкіндігімен тұрақты¹⁹

¹⁸ Адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық конвенцияның 10 және 11 Баптарына сәйкес пікірін еркін білдіруге және бірлестіктер бостандығына құқық тек қатысушы елдің азаматтарына ғана емес, сонымен қатар оның заңдық хүкіміндегі барлық тұлғаларға тиесілі.

¹⁹ Мысалы, қағаз жазба.

жазба жасауы туралы талаптар жоқ. Соның нәтижесінде нәтижелерді даулаудың немесе дауыстарды қайта санауды жүргізудің *тиімді* механизмі жоқ. 50-8.1 және 50-9 Баптар нәтижелерді даулаудың немесе дауыстарды қайта санауды жүргізудің *тиімді* механизмі жоқ екенін растайды, өйткені осы баптарға сәйкес электрондық дауыс беру механизмінің өзі нәтижелерді даулау кезінде пайдаланыла алатын *жалғыз* «дәлел» болып табылады. Бұл баптар электрондық дауыс беру жүйесінің немесе бағдарламалаудың барлық қателіктері жүйені физикалық тексеру барысында анықталады деп көздейді.

Алайда ондай болжам дұрыс болмай шығуы мүмкін, себебі электрондық дауыс беру жүйесін (немесе компьютерлерді) физикалық тексеру олардың қасақана немесе қасақана емес әрекеттердің салдары болып табылатындығынан тәуелсіз бастапқы кодтау қателіктерін әркез анықтап біле беремейді. Бұл сондай-ақ осы бағада суреттемесін беру үшін тым көп, дауыс берудің нәтижелерін өзгертуі мүмкін басқа әлуетті ақаулықтарға да қатысты. Демек, әрқашанда қолдан қайталап санау және электрондық дауыс берудің нәтижелерін даулау үшін пайдалануға болатын тұрақты жазба болуға тиіс. Заңда бастапқы кодтаудағы, бағдарламалаудағы қателіктерден, хакерлердің бұзып кіруінен, адам факторының әсерінен немесе бастапқы тексеру және сынақтау барысында анықталмай қалатын компьютерлік жабдықтың ақаулықтарынан қорғау жүйесі көзделуге тиіс.²⁰ Заңның құрамында нәтижелерді қолдан тексеру мүмкіндігімен бір мезгілде тұрақты жазба жасауға талап болуға тиіс.²¹

Сайлау заңнамасы дауыс берудің құпиялылығына кепілдік бергенімен, электрондық дауыс беру жүйесінің атап айтқанда қандай механизмінің осы құқыққа кепілдік бере алатыны түсініксіз. Алдын ала бағалау электрондық дауыс беру жүйесінің дизайнының өзі дара дауыстар мен сайлаушының тұлғаларының арасында электрондық байланыс орната алатынын көрсетеді.

50-5 Бап сайлаушы электрондық дауыс беру жүйесінің көмегімен «өзінің таңдауын растайды» деп болжайды. Алайда сайлаушы өзінің таңдауы дұрыс «расталатынын» нақты білмейді. Сондықтан сайлаушының қате тіркелген дауысты өзгертуге мүмкіндігі жоқ. Ал қағаз тасымалдаушыны пайдаланатын сайлаушының дұрыс толтырылмаған бюллетеньді оны «жарамсыз бюллетеньдерге» қоса тіркейтін және сайлаушыға жаңа бюллетень беретін сайлау учаскесінің комиссиясына қайтаруға мүмкіндігі бар.²² Сол секілді, сайлаушының электрондық дауыс тіркелместен бұрын осы дауысты өзгертуге немесе онда жіберілген қателікті түзетуге мүмкіндігі болуға тиіс. Бұл сайлаушы

²⁰ Қас ниетті кодтау, «қоңыздар» және вирустар тіпті бағдарламалық қамтамасыздандыруды мұқият тексерген және сынақтаған уақытта да өте жиі анықталмай қалатыны белгілі. Мысалы, жүйеде тек реті бойынша N сайлаушыдан жандандырылатын және содан кейін дауыстарды B партиясынан C партиясының пайдасына қайта үлестіретін жасырын қателік бар.

²¹ ЕҚЫҰ ДИАҚИ алдында былай деп ұсыныстама берген: «Қолдан, механикалық немесе электрондық процестер қолданудан тәуелсіз дәлдігі мен сенімділігін тексеру және инспекциялау *рәсімдері қамтамасыз етілген болуға тиіс*». *Төмендегіні қараңыз*. «Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы заңды алдын ала бағалау» (19.09 2003 жыл), 17-бет.

²² Сайлау туралы заңның 42 Бабы сондай-ақ учаскедегі сайлау комиссиясының «жарамсыз» қағаз бюллетеньдерді қалай кәдеге жарататынын түсіндіруді талап етеді.

дауыс расталғанға дейін көретін тұрақты жазба жасаудың көмегімен тиімді істеле алады.

Бұл жаңа баптар «бюллетеньдерді санаған кезде комиссияның төрағасы немесе мүшелерінің бірі бюллетенді қатысып отырғандарға көрсетуге және сайлаушының еркін жариялауға тиіс», сондай-ақ «бюллетеньдер әрбір кандидат пен партиялық тізімді берген әрбір саяси партия үшін бөлек қойылуға тиіс, жарамсыз бюллетеньдер де сондай-ақ бөлек ұсталуға тиіс» деп талап ететін 43 Бапқа қайшы келеді. 43 Бап ашықтықтың іргетасын – **дауыстар санауды байқауды** қамтамасыз етеді. Бұл жаңа баптар болса, осы ашықтықтың іргетасын түгелдей бұзады.

50-1 Бап сайлау учаскелерінде электрондық дауыс беруді енгізу бойынша шекті мерзімді көздемейді. Бұл электрондық дауыс берудің сайлау учаскесінде сайлау комиссиясының мүшелерін тиісінше үйретусіз, сайлаушыларға электрондық дауыс берудің мүмкіндіктерін түсіндірусіз электрондық дауыс беру жүйесінің бағдарламалық қамтамасыздығын, компьютерлік жабдығын және бөлшектерін тексеру үшін білікті мамандардың болуын ескере отырып, байқаушылардың инспекция жүргізу мүмкіндігінсіз сайлау күнінің қарсаңында енгізуге әкеліп соғады.

50-5 Бап дауыс беру басталардан отыз минут бұрын сайлау учаскесіндегі сайлау комиссиясының төрағасынан «электрондық жүйенің жұмысқа қабілетін тексеруді» талап етеді. Бұл ереженің шындықтан алыс болып шығуы мүмкін. 10 Бапта көзделген тағайындаулардың нәтижесінде учаскесіндегі сайлау комиссиясының төрағасының орнын басатын, бағдарламалық қамтамасыздық пен компьютерлік жабдыққа диагностика жүргізуге оқыған мамандардың жеткілікті саны пайда болуы күмәнді.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ 50-1 баптан 50-9 бапқа дейін төмендегідей өзгертулер енгізуге ұсыныстама береді:

- (1) электрондық дауыс беруге қатысты жоғарыда суреттелген қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету,
- (2) жаңа баптар мен 43 баптың арасындағы қайшылықтарды жұмсарту,
- (3) байқаушыларда жүйенің барлық элементтеріне толық және кедергісіз қол жеткізу мүмкіндігі болуы және оның сенімділігі мен жұмысының дұрыстығын бағалай алуы үшін жеткілікті ашықтықты қамтамасыз ету,
- (4) сайлау комиссиясының мүшелерін және сайлаушыларды сапалы үйретуді және дайындауды қамтамасыз ету.

Осы ұсыныстамалар толық орындалмайынша сайлау учаскелерінде электрондық дауыс беру жүргізілмеуге тиіс.

Дауыс беру тәртібін айқындайтын баптардың тұжырымдамалары біраз сұрақтар туғызады. Олар осы есептемеде 37 баптан 42 бапқа дейін кездесетін тәртіпте талқыланады.

37 Баптың 3 тармағын өзгерту бюллетеньдерді сайлау учаскесіне сайлау өткізуден кем дегенде бір күн бұрын жеткізуді көздейді. Сонымен бірге,

аталмыш өзгерту бюллетеньдерді жеткізудің ең ерте мерзімін белгілемейді. Заңда оның ішінде сайлау бюллетеньдерін сайлау комиссияларына жеткізілуге тиіс нақты уақыт кезеңін белгілесе жөн болар еді. Осындай уақыт кезеңін белгілей отырып, тек әкімшілік және техникалық мүмкіншіліктерге ғана емес, сонымен қатар сайлау бюллетеньдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңыздылығына орайлану қажет. Сондай-ақ кандидатты қайта шақырып алудың шекті мерзімдерін де осы контекстте ескеру керек.

39 Баптың 2 тармағындағы өзгертулерге сәйкес сайлау процесінің уақытында сайлау учаскесінде бөгде тұлғалардың болуына тыйым салынады. Бұл өзгерту оң болып табылады және одан ЕҚЫҰ/ДИАҚБ алдындағы ұсыныстамалары көрініс тапқан.

Бюллетеньнен «барлығына қарсы» дауыс беру нұсқасын алып тастау да сондай-ақ оңды өзгерту болып табылады, өйткені «негативті» дауыс идеясының өзі өкілді демократияның негізгі принциптеріне сәйкес келмейді²³. Техникалық тұрғыдан «негативті» дауыстар шектеулі жағдайларда қандай да бір мәнге ие бола алады, демек, осындай дауыс беру нұсқасының болуы сайлаушылардың арасында шатасу туғызады және олардың сайлау процесіне сенімін одан сайын төмендетеді.

41 Баптың (6) тармағындағы туралы ереже өзгертілді. Бұл өзгерту «шығып дауыс беруге» қатысты алдында ЕҚЫҰ/ДИАҚБ берген ұсыныстамаларға ішінара сай келеді. Солай болғанымен де, аталмыш өзгерту жалған құжат жасаудың алдын алуға кепілдік бермейді. **ЕҚЫҰ/ДИАҚБ** заңда «шығып дауыс беруге» қатысты төмендегідей талаптарды көрсетуге **ұсыныстама береді**:

(1) заңда шығып дауыс беру кезінде дауыс берушінің жеке тұлғасын анықтау және бюллетень беру тәртібі толық сақталуға тиіс екені аталуға тиіс,

(2) шығып дауыс беруде дауыс берген сайлаушылардың саны сайлау комиссиялары ресімдейтін тиісті хаттамада және кестеде анық бекітілуге тиіс, бұл сайлау учаскесінің үй-жайларынан тыс дауыс берушілердің санының әдеттен тыс жоғарылығы жалған құжат жасауға талпыныс туралы куәландыра алатын аудандарды айқындауға мүмкіндік береді,

(3) сайлау учаскесі қамтитын географиялық аумақтың шектерінде сайлау учаскесінде шығып дауыс беру үшін жауап беретін сайлау учаскесіндегі сайлау комиссиясының мүшелері бір ғана саяси партияның немесе партиялардың коалициялық блогының мүшелері болып табыла алмайды.

Сондай-ақ 41 Бапқа «ерекше» сайлау учаскелерінде (әскери бөлімдерде, кемелерде, ауруханаларда, шалғайдағы мал шаруашылықтарында, шетелдік мемлекеттердің аумағында және т.б.) дауыс берушінің жеке тұлғасын анықтау және бюллетень беру тәртібін сақтаудың қажеттілігін белгілейтін жалпы ережені енгізуге *ұсыныстама беріледі*.

²³ Тіпті парламенттің жұмысында да шешімдер қабылдаған кезде «иә» деген дауыс саналады.

5. Дауыс беру қорытындыларын айқындау

43 Баптағы өзгерту сайлау учаскесінде дауыстар санауды 12 сағаттың ішінде өткізуді талап етеді. Бұл заңдағы жақсарту болып табылады. **ЕҚЫҰ/ДИАҚБ** санақ нәтижелерінің дуандық сайлау комиссиясына нақты сайлау учаскесінде қол жететін құралдармен, мысалы, телефон, факс немесе қолдан жеткізу арқылы дауыстарды санау аяқталысымен мүмкіндігінше жылдам табысталуға тиіс екені туралы талаптарды белгілеп, 43 Бапты қосымша пысықтауға **ұсыныстама береді**. Одан әріде заң дуандық сайлау комиссиясының жиынтық нәтижелерді жоғары тұрған сайлау комиссиясына ақпарларды құрастыру аяқталысымен мүмкіндігінше жылдам табыстауына талапты белгілеуге тиіс.

Сайлау туралы заңның 43 Бабының (8) тармағына сәйкес дауыстар санаудың нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесі әрбір сайлау учаскесінің үй-жайында екі күнге ілінеді. Сонымен қатар, байқаушылар комиссия төрағасы мен хатшысының қолтаңбаларымен және сайлау комиссиясының мөрімен куәландырылған хаттаманың көшірмесін ала алады. Бұл оңды өзгерту болып табылады.

43 Баптың (8-1) тармағына сәйкес сайлау дуаны бойынша сайлаудың нәтижелері дуандық сайлау комиссиясы бұл туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жариялай отырып, дауыс беру күнінен бастап 10 күннен кешіктірмей айқындайтын сайлау учаскелерінің бірінде өткізілетін дуандық сайлау комиссиясының отырысында анықталады. Нәтижелер осы учаскеге жеткізілетін учаскелік сайлау комиссияларының хаттамаларының негізінде анықталады. Аталмыш тармақ сондай-ақ сайлау дуаны бойынша сайлаудың нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесі сайлау учаскесінің үй-жайында жалпының танысуы үшін кем дегенде үш күн мерзімге ілінеді деп көздейді. Бұл оңды өзгерту болып табылады.

43 Баптың (8-2) тармағында дуандық сайлау комиссиясы дауыс беру күнінен бастап бес күннен кешіктірмей сайлау учаскелеріндегі дауыстарды санаудың нәтижелері туралы жиынтық тізімдеме жасайды және өзінің отырысы өткен сайлау учаскесінің үй-жайында іледі. Аталмыш тармақ сондай-ақ дуандық сайлау комиссиялары сайлау учаскелерінен алынған хаттамалардың негізінде ресми емес жиынтық тізімдеме жасайды және іледі деп көздейді.

43 Баптың (9) тармағында дауыстарды қайтадан санау туралы айтылады. **ЕҚЫҰ/ДИАҚБ** байқаушыларға дауыстарды қайтадан санау туралы алдын ала хабарлануға және олардың қайтадан санауды байқауға мүмкіншілігі болуға тиіс екенін белгілеп, аталмыш тармаққа өзгертулер енгізуге **ұсыныстама береді**.²⁴

Нәтижелерді жариялауды реттейтін 44 Баптың (5) тармағына өзгертулер енгізілді. Солай болғанымен де, осы өзгертулерге нәтижелерді жариялаудың құрамында шығып дауыс беру мен алдын ала дауыс берудің нәтижелері, сондай-ақ Орталық сайлау комиссиясын қоса, төменгі деңгейлерден бастап әрбір сайлау комиссиясы бойынша дауыс берудің нәтижелерін қадағалаудың оңай болуы үшін учаскелердегі дауыс беру нәтижелері бойынша бүкіл ақпарат

²⁴

Қазіргі тұжырымдама «бұрыс санау фактісін атаған кандидаттарға» саяды (sic).

болуы туралы қосымша талап енгізіп, оларды кеңейтуге ұсыныстама беріледі. Осындай егжей-тегжейлендіру дәрежесі байқаушыларға деректер жиынтық тізімдемелерді ресімдеу барысында заңсыз өзгертілген жағдайда нақты жалған құжат жасалған орынды айқындау үшін қажет.²⁵

Сондай-ақ 44 Бапқа дауыстарды санау және деректерді тізімдемеге жинақтау тәртібі сондай-ақ «ерекше» сайлау учаскелеріне (әскери бөлімдер, кемелер, стационарлық емханалық мекемелер, шалғайдағы мал шаруашылықтары, шетелдік мемлекеттердің аумағы және т.б.) таралатыны туралы жалпы ережені енгізуге ұсыныстама беріледі.

Сайлау туралы Заңда сайлаушылардың, кандидаттардың немесе саяси партиялардың бір немесе бірнеше сайлау учаскелері бойынша дауыс беру нәтижелеріне шағымдану немесе бір немесе бірнеше сайлау комиссиялары дайындаған тізімдемелерге шағымдану тәртібінің анық суреттемесі жоқ екенін айта кету керек. Бұл кемшілікті Орталық сайлау комиссиясы сайлаудың нәтижелерін жарамсыз деп жариялауды немесе сайланған кандидатты тіркеуден бас тартуды айқындай алуы үшін объективті заңдық өлшемдер ұсынбайтын заңның бұлыңғыр ережелері тереңдетеді. 66 және 98 Баптар ОСК-на сайланған кандидатты тіркеуден өз бетімен бас тарту құқығын береді. 66 және 98 Баптар ОСК бұл шараны «барлық учаскелердің немесе әкімшілік-аумақтық бірліктердің $\frac{1}{4}$ бөлігінде» сайлауды жарамсыз деп жариялаудан кейін пайдаланады деп болжайды. Алайда, бұл баптар мұны кімнің істей алатынын көрсетпейді. Баптар ОСК кандидатты сайлауды тіркемеу туралы шешімді егер сайлау кем дегенде барлық учаскелердің немесе әкімшілік-аумақтық бірліктердің $\frac{1}{4}$ бөлігінде жарамсыз деп мойындалса, қабылдайды деп болжайды. Бұл ереже тек бұлыңғыр ғана болып қоймай, оның үстіне нақты дауыстар санын есепке алмай, төбеден алынған $\frac{1}{4}$ санына сүйенеді. 66 және 98 Баптардың құрамында нәтижелерді даулаудың анық объективті өлшемдері мен тәртібі жоқ. Сонымен қатар, бұл баптар шамадан тыс бұлыңғыр болу және егжей-тегжейліліктің жоқтығынан айқындалмағандыққа және сайлаудан соң ұзақ даушардың ықтималдығына ікеліп соғады. Оның үстіне сайланған кандидатты тіркеуден бас тарту өкілеттігі сайлауды жарамсыз деп жариялау және қайтадан дауыс беруді өткізу өкілдігінің тап өзі болып табылатыны, табылмайтыны түсініксіз. Мұндай қауіптену сондай-ақ 126 Бапқа және жергілікті сайлау уақытында аумақтық сайлау комиссияларының өкілеттіктеріне де қатысты. **ЕҚЫҰ/ДИАҚБ** осы баптарды төмендегідей түрде өзгертуге **ұсыныстама береді:**

(1) сайлаушыға, кандидатқа және саяси партияға бір немесе бірнеше сайлау учаскелеріндегі сайлаудың нәтижелерін даулауға және сайлаудың нәтижелерін жарамсыз деп жариялауға ұмтылуға, не болмаса бір немесе бірнеше сайлау комиссияларының кестелерге жинақтаған нәтижелерін даулауға мүмкіндік беретін анық және нақты рәсімдерді айқындау,

(2) Орталық сайлау комиссиясы (және аумақтық сайлау комиссиясы) сайлаудың нәтижелерін жарамсыз деп жариялауды немесе сайланған кандидатты тіркеуден бас тартуды айқындай алуы үшін объективті заңдық өлшемдерді қамтамасыз ету,

²⁵

44 Бап «жиынтық тізімдемені» талап еткенімен, оның мазмұны айқындалмаған.

(3) сайлау қателіктері немесе бұрыс әрекеттер мандаттарды үлестіруге ықпалын тигізе алмау үшін ОСК-ның сайлаудың нәтижелерінің күшін жою бойынша өкілеттіктерін шектеу.

Сайлау туралы заң республика Президентіне (сондай-ақ Сенаттың және Мәжілістің төрағаларына) Президентті (68 Бап), Сенаттың (84 Бап) және Мәжілістің депутаттарын (100 Бап) сайлауды өткізудің дұрыстығы туралы дау жағдайында Конституциялық Кеңеске жолдануға мүмкіндік береді. Республика Президентінің сайлауды жүргізудің дұрыстығы туралы мәселелер бойынша Конституциялық Кеңеске жолдануға құқығы болмауға тиіс. Сайлау туралы заңның 68, 84 және 100 баптарына, сондай-ақ Конституцияның 72 Бабына тиісті өзгертулер енгізілуге тиіс. Президенттің Конституциялық Кеңес қабылдайтын шешімдерге тыйым сала алу фактіні, сондай-ақ тыйым салудың күшін жою үшін Конституциялық Кеңестің дауыстарының 2/3 көпшілігі талап етілу фактіні назарға алсақ, Президент президенттік, сондай-ақ парламенттік сайлауды жарамсыз деп мойындауға әкеліп соғуы мүмкін масштабта сайлау процесіне кедергі жасай алады. **ЕҚЫҰ/ДИАҚБ** заңның аталмыш ережелеріне тиісті өзгертулер енгізуге **ұсыныстама береді**.²⁶

D. Жариялылық

Жариялылық туралы бөлек бапты енгізу заңға маңызды және қажетті толықтыру болып табылады. Жаңа 20-1 баптан ЕҚЫҰ/ДИАҚБ алдында байқаушылар және сайлау процесінің жариялылығы жөнінде айтқан ескертпелері көрініс тапқан. Сонымен бірге, сайлау процесінің жариялылығын қамтамасыз ету мақсатында Сайлау туралы заңның жаңа бабын, сондай-ақ басқа баптарын ақырына дейін пысықтау керек.

Байқаушылар енді сайлау процесін тек тікелей сайлау күні байқап қана қоймай, сайлау процесінің барлық сатыларына қатысуға құқылы (20-1 Баптың 1 тармағы). Кандидаттар мен олардың сенім жүктелген тұлғалары, байқаушылар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері сайлау комиссиясының отырыстарына қатыса алады, сондай-ақ сайлау комиссияларында сайлау процесі туралы кез келген ақпаратты ала алады.

(5) тармақтағы «сайлау учаскесінің нөмірінің» деген сөйлем байқаушы тек бір сайлау учаскесінде бола алады деп болжайды. Сонымен бірге, байқау сайлау күні байқаушылар бірнеше сайлау учаскелеріне барып, бірнеше сайлау комиссияларының жұмысын байқай алатын уақытта нәтижелі болады. **ЕҚЫҰ/ДИАҚБ** (5) тармаққа тиісті өзгертулер енгізуге **ұсыныстама береді**.

(7) тармақтың (5) тармақшасының байқаушылардың «өздерінің қорытындыларын құжатталған, жарамды және тексеруге көнетін фактілерге

²⁶ 68, 84 және 100 баптардың (3) тармағының мәтіні де сондай-ақ қайта қаралуға тиіс, өйткені аталмыш тармақтың мазмұны сайлау учаскелеріне әлде үлкен әкімшілік бірліктерге қатысты екені анық емес.

негіздеуге тиіс екендігі» туралы талап сөз және өзін білдіру бостандығына құқықты қорғау принципін бұзады.²⁷

Сонымен қатар, байқаудың қалыпты барысына және ол туралы есептемелерге кедергі келтіретін заңның кез келген ережесі күмән туғызады. Бұл әсіресе, байқаушылардың аузына қақпақ қоятын немесе есептемелерді немесе байқаудың нәтижесінде алынған ақпаратты жариялауға кедергі жасайтын ережелерге қатысты. **ЕҚЫҰ/ДИАҚБ** 20-1 Бапты ЕҚЫҰ алдындағы міндеттемелер мен халықаралық нормаларға сәйкестікке келтіру үшін оған өзгертулер енгізуге **ұсыныстама береді**.

20-1 Баптың (8) тармағына сәйкес халықаралық ұйымдардың байқаушыларды куәландыруды жүргізу енді дауыс беруді жүргізуден 15 емес, 5 күн бұрын аяқталады. Бұл айтарлықтай жетістік.

62 Бап Президент сайлауында дауыстарды санаудың нәтижелері аумақтық сайлау комиссияларының хаттамаларына енгізіледі деп көздейді. **ЕҚЫҰ/ДИАҚБ** отырысқа қатысып отырған әрбір байқаушының хаттаманың көшірмесін алуға, сондай-ақ хаттаманы аумақтық сайлау комиссиясының үй-жайында ілуге құқығын көздеп, 62 Бапқа өзгертулер енгізуге **ұсыныстама береді**.²⁸

65 Бапта Президентті сайлау кезінде аумақтық сайлау комиссияларының хаттамаларындағы нәтижелер Президентті сайлаудың нәтижелерін айқындау мақсатында Орталық сайлау комиссиясының жиынтық тізімдемесіне енгізіледі деп айтылады. **ЕҚЫҰ/ДИАҚБ** 65 Бапты Орталық сайлау комиссиясының отырысына қатысып отырған әрбір байқаушы жиынтық тізімдеменің көшірмесін алуға құқылы және осы жиынтық тізімдеме Орталық сайлау комиссиясының үй-жайында ілінуге тиіс екені туралы ережемен толықтырып, оған өзгертулер енгізуге **ұсыныстама береді**.²⁹

20-1 Баптың 6 тармағының 10 тармақшасы сенім жүктелген тұлғалардың, байқаушылардың және БАҚ өкілдерінің нәтижелер туралы ақпарат пен сайлау комиссияларының хаттамаларының қол қойылған көшірмелерін алуға құқығын

²⁷ 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 9.1 Тармағын; Адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық конвенцияның 10 Бабын; Қазақстан Конституциясының 20 Бабын қараңыз.

²⁸ Бұл ескертпе сондай-ақ Сайлау туралы заңның 78, 94, 108 және 122 баптарындағы осы іспеттес ережелерге де қатысты. 20-1 Бапқа өзгертулер байқаушыларға «сайлау комиссияларында сайлау процесі туралы кез келген ақпаратты алу» құқығына және учаскенің сайлау комиссиясының «дауыс беру хаттамаларының» көшірмелерін алу құқығына кепілдік бергенімен, бұл өзгертулерге аумақтық сайлау комиссиясының «жиынтық» хаттамасының көшірмесін алуға құқықтың кіретіні әлде кірмейтіні түсініксіз.

²⁹ Бұл ескертпе сондай-ақ Сайлау туралы заңның 81, 97, 97-1, 111 және 125 баптарындағы осы іспеттес ережелеріне де қатысты. 20-1 Бапқа өзгертулер байқаушыларға «сайлау комиссияларында сайлау процесі туралы кез келген ақпаратты алу» құқығына және учаскенің сайлау комиссиясының «дауыс беру хаттамаларының» көшірмелерін алу құқығына кепілдік бергенімен, бұл өзгертулерге аумақтық сайлау комиссиясының «жиынтық» хаттамасының көшірмесін алуға құқықтың кіретіні әлде кірмейтіні түсініксіз.

белгілейтініне қарамастан, соңғы екі ұсыныстама орындалмай қала беруде. Бұл жерде аталған құқықты бұзуға әкеліп соға алатын еркін түсініктеме орын алуы мүмкін.

Е. ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ

Сайлау комиссиясының шешімін даулауға байланысты біршама құқықтық қорғау көлемі сайлау комиссияларының қызметін реттейтін 20 Бапта көзделеді. 20 Бап жоғарыда талқыланған еді. Осының алдында 20 Бапқа қатысты айтылған түсініктемелер мен ұсыныстамалар сайлау құқықтарын құқықтық қорғауды қозғайтын заңның барлық баптарына қатысты.

Сайлау құқықтарын құқықтық қорғау 47 баптан 51 бапқа дейін көзделген. Өзгертулер осы баптардың барлығына енгізілген, бірақ неғұрлым елеулі өзгертулер 50 Бапта жасалды. Сайлау процесіне килігу болып табылуы мүмкін тыйым салынған әрекеттердің тізбесі айтарлықтай кеңейтілген. Басым бөлігінде бұлар оңды өзгертулер болып табылады. Сонымен бірге, 50 Баптың (2) тармағы тым кең және тұлғаның сөз және пікірін білдіру бостандығына құқығын бұзу үшін пайдаланыла алады. Сөз және пікірін білдіру бостандығын шектеу сайлау науқанының бекемдігі мен батылдығына әсер етуі мүмкін, бұл демократия жағдайларындағы сайлау науқанының маңызды сипаттамасы болып табылады. Осындай кеңінен тыйым салу ЕҚЫҰ принциптеріне, халықаралық нормалар мен Қазақстанның конституциялық принциптеріне сәйкес келмейді.³⁰ **ЕҚЫҰ/ДИАҚБ 50 Баптың (2) тармағын алып тастауға ұсыныстама береді.**

49 Баптағы өзгертуге сәйкес мемлекеттік органдар, соның ішінде сайлау комиссиялары шағымдарды қабылдауды және қарастыруды қамтамасыз ету үшін демалыс күндері және сайлау күні жұмыс істеуге тиіс. Бұл оңды өзгерту болып табылады.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ алдында құқықтық қорғау бойынша айтқан ескертпелерін алатын оң өзгертулерге қарамастан, Сайлау туралы заң сайлау мәселелері бойынша шағымдарды берудің және қарастырудың айқын, тындырымды және жылдам тәртібін қамтамасыз етпейді. Сайлау туралы заң ең аз дегенде барлық шағымдар мен арыздар беру тәртібін нақты белгілеуге, құзыретті органдарды атауға, сондай-ақ шағымдар мен арыздарды беру және қарастыру мерзімдерін айқындауға тиіс. Халықаралық нормаларды сақтау шеңберінде шағымдарды беру және қарастыру тәртібі сайлаушыларға, кандидаттар мен саяси партияларға төмендегідей құқықтарды қамтамасыз етуге тиіс:

- Сайлау құқықтарын қорғап шағым беру құқығы
- Өз шағымдарының негіздемесіне дәлелдер беру құқығы
- Шағымды ашық қарастыру құқығы
- Шағымды әділ қарастыру құқығы

³⁰ *Төмендегілерді қараңыз.* 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 9.1 тармағы; 1991 жылғы ЕҚЫҰ Мәскеу құжатының 26 тармағы; Адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық конвенцияның 10 бабы; Қазақстан Конституциясының 20 Бабы.

- Шағым бойынша риясыз шешім құқығы
- Шағымды әділ қарастыру құқығы
- Тындырымды шаралар құқығы
- Жылдам шаралар қабылдау құқығы
- Шағымды қанағаттандырудан бас тартылған жағдайда шешімге апелляциялық инстанцияда шағымдану құқығы³¹

Сенаттың депутаттарын тіркеу тәртібін реттейтін 73 Баптың (7) мен 82 Баптың (2) тармағы Орталық сайлау комиссиясының шешіміне шағымдардың қандай сотқа берілетінін көрсетпейді. Осындай ережелер Мәжілістің депутаттарын тіркеуге қатысты 89 Баптың (10) тармағында және 98 Баптың (2) тармағында, мәслихаттардың депутаттарын сайлауға қатысты 104 Баптың (7) тармағында және 112 Баптың (2) тармағында, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарының депутаттарын сайлауға қатысты 118 Баптың (7) тармағында және 126 Баптың (2) тармағында бекітілген. **ЕҚЫҰ/ДИАҚБ** аталмыш баптарға өзгертулер енгізуге және шешімдерге қандай деңгейдің сотына шағым берілетінін көрсетуге **ұсыныстама береді**.

IV. ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы өзгертілген заңға қатысты осы бағалауды ЕҚЫҰ/ДИАҚБ мемлекеттік органдар демократиялық сайлауды қамтамасыз етуге арналған заңнамалық базаны жетілдіру мақсатында мәлімдеген мақсатқа жетуге және Сайлау туралы заңды ЕҚЫҰ принциптері мен басқа халықаралық демократиялық сайлау өткізу нормаларына сәйкестікке келтіруге көмек көрсету мақсатында дайындады. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ сайлау заңнамасын өзгерту барысында Қазақстан Республикасының республикалық деңгейдің билік орындарымен және азаматтық қоғамның өкілдерімен конструктивті сұхбатты ерекше атап өтеді.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ осы Сайлау туралы заңның мәтінінің құрамында жариялылық, анағұрлым алуан пікірлі сайлау комиссияларын қалыптастыру және сайлау алдында үгіт жүргізуге тең құқықтар жасау саласындағы бірқатар елеулі жақсартулар болу фактіні мойындайды. Солай болғанымен де, «Жалпы шолу» бөлімінде айтылғандай, әлі де болса барлық ескертпелер ескерілген жоқ.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ бұдан әрі қарай да мемлекеттік органдарға олардың заңнамалық базаны жетілдіруге және ЕҚЫҰ принциптері мен демократиялық сайлауға қатысты басқа халықаралық нормаларға сәйкес демократиялық сайлау өткізуді қамтамасыз етуге талпыныстарында ықпалдасуға дайын.

³¹ Мысалы, Адам құқықтарының жалпыға ортақ мағлұмдамасының 8 және 10 баптарын; ЕҚЫҰ 1989 жылғы Веналық құжатының 13.9 тармағын, 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 5.9-дан 5.12-ге дейінгі Тармақтарын, және ЕҚЫҰ 1991 жылғы Мәскеулік құжатының 18-ден 21-ге дейінгі Тармақтарын қараңыз. Одан басқа, Сайлау туралы заңға қосымша өзгертулер енгізу кезінде, ЕҚЫҰ ДИАҚБ-ның «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы заңнамасына сайлауға қатысты дауларды, шағымдарды және жазаларды қарастыру мәселелеріне шолуында» (2001 ж. 21 сәуір) айтылған ескертпелер мен ұсыныстамаларды ескеру жөнінде ұсыныстама береді.